Жаңа технологиялардың көмегімен оқушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп. Орыс мектептерінде қазақ тілі пәнінің білім деңгейін көтеру және онда жеке тұлғаға бағытталған тапсырмаларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру, педагогикалық

ұжымның жүйелі жұмыстарының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ. Қазақ тілі сабағында жеке тұлғаға деңгейлік тапсырмалар беру негізінде меңгертудің ұтымды әдістемесін, жолдарын, әдістерін ұсыну; деңгейлік тапсырмалардың өзіне тән белгілерін анықтай білу керек [4].

Міндеттері:

1. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясының теориялық әдістемелік негізіне сүйену;
2. Қазақ тілі пәнінде жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясының элементтерін қолдана отырып, оқушыларға деңгейлік тапсырмалар дайындау жүйесін жасау, шеңберін кеңейту;
3. Деңгейлік тапсырмаларға сабақ жоспарының үлгілерін жасау.

Жеке тұлғаға бағытталған сабақ дегеніміз – бұл мұғалімнің шығармашылық орта қалыптастыруы ғана емес, оқушылардың субъект ретіндегі өмірлік тәжірибесін үнемі назарда ұстануы, сол тәжірибеге сүйенуі. Ең маңыздысы – әр оқушының ерекше болмысын, тұлғалық қасиеттерін мойындау.

Жеке тұлғаға бағыттап оқытуда білім алушының құзыреттілігін артыруда жеке басы мен үшін бірінші орында тұрады. Өйткені, әрбір адам тұлға бола отырып, бір жағына жеке тұлға, екінші жағынан әлеуметтік типтік тұлға, яғни әлеуметтік маңызды сипаттарды қамтушы болып табылады. Сыныптағы әрбір оқушының ерекшеліктерін, қажеттіліктерін ескере отырып, оның оқу процесінде жан-жақты дамуын жүзеге асыру қажет, себебі тұлғаны оқытудың соңғы нәтижесі мәдениетаралық қарым-қатынасқа жету.

Жетістіктерге жету үшін ең алдымен оқушылардың білім дәрежесін, ынтасын, ақыл-ой, еңбек дағдысын, өз жұмысына деген жауапкершілігін ескеру қажет. Деңгейлеп оқыту технологиясы әр оқушының қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқытуды көздейді. Яғни мықтылар өз қа-

білеті мен икемдігін бекіте түседі. Әлсіздер өзіне сыни көзбен қарауға дағдыланып сенімсіздіктен арылып, белсенділігі артады. Күшті топтарда оқуға деген құлшыныс ұлғайып, білім дәрежесі деңгейлес топтарда оқу жеңілдейді.

Оқу орыс тілінде жүретін сыныптарда мемлекеттік тіл – қазақ тілін оқыту өмірлік зор маңызға ие. Орыс мектептерінде қазақ тілі сабағының білімдік дәрежесі бүтіндей басқа. Өйткені, орыс сыныптарындағы қазақ тілін оқытудың әдісі де, оған қойылатын талаптары да өзгеше. Мақсаты - оқушыларды қазақша сөйлей білуге үйрету болады да, сол сөздерден сөйлем құрау үшін грамматикалық ережелер, анықтамалар сөз үйретудің техникасы ретінде қарастырылады [2].

Менің өзімнің алдыма қойған міндет барлық оқушылардың білім алу, мақсатқа жету мен сынып өміріне қатысу қабілеттерін арттыру үшін оны тұлға ретінде дамытуға ерекше назар аудару болып табылады.

Негізгі бөлім

Жоғарыда көрсеткен проблеманың шешімін табу үшін оқытудың жаңа тәсілдерді әр сабақта іске асыру қажет. Сабақтың барысында ең алғашқы кезеңде психологиялық ахуалды қалыптастыру («Әткеншек», «Не ортақ», «Алақан», «Ұшақ ұшыру» т.б.) балалардың мінез-құлықтары мен іс-әрекеттері реттеледі. Ойын іс-әрекетінің мотивациясы еркіндікті, таңдау мүмкіндігін, қажеттілігін, өз-өзіне сенімін, өзін-өзі дамытуын қамтамасыз етеді.

Жоғарғы деңгейлі оқушыларға тапсырма беру арқылы олардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады, екіншіден алған білімдерін жинақтап, талдауға мүмкіндік береді. Егер осы оқушыларға төменгі деңгейлі тапсырмалар берілетін болса, пәнге деген қызығушылық және шығармашылық ізденіске түспейді. Атап айтсақ «Вен диаграммасы» арқылы салыстыру жұмыстары, «Кластер құру» «Ментальды карта» жасау т.б. Тапсырманы оқушының ыңғайына қарай беру қажет.

Оқушыларға интербелсенді тақтадан бейнефильм көрсету арқылы деңгейіне байланысты жеңілден күрделі сұрақтар қою, мысалы: «Бұл бейнефильм не туралы? Кейіпкерлерді ата. Бейнефильмнің негізгі идеясы не деп ойлайсыздар? Өз пікірінді айт т.б. сұрақтар. Осындай қарапайым жұмыстарды оқушылар орындай отырып, өздерінің білік дағдыларын қалыптастырады. Оқушы өтілген материалды біріншіден есте сақтайды және ой елегінен өткізіп, қайта жаңғыртады. Себебі, оқушы не істейтінін біледі және түсінеді. Қорытындысында түйін сөзім мұғалім міндеті- оқушының төменгі ойлау деңгейін жоғары ойлау деңгейіне жеткізу. Қарапайым, жайлы, ынтымақтаса қарым-қатынас жасау арқылы шығармашылыққа бейімдеу. Оқушы ең төменгі деңгейде күрделі емес, сөз тіркесін, сөйлем құру сияқты тапсырмаларды орындайды.

А-парағы

I деңгейдің тапсырмасы:

Көп мағыналы сөздердің қай сөз табы екенін анықтап, қарама-қарсы мағынасын көрсету «**Ойлан тап**» ойыны арқылы жүзеге асыруға болады.

Үлгі:

Жаз (зат есім)-қыс
Жаз (етістік)-жазба

Кір () -
Кір () -
Аш () -
Аш () -
Қара () -
Қара () -
Ат () -

II деңгейдің тапсырмасы:

«**Аяқталмаған сөйлемдер**» әдісі көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазу.

1. Жылудың әсерінен судың тұман тәрізді дымқыл күйге айналуы деп аталады.
2. – бір нәрсені қатты қысып байлау.
3. – кітап шығаратын орын.
4.- тамақ ауруы.

III деңгейдің тапсырмасы:


Суретте бейнеленген заттардың атауымен бірдей дыбысталатын, бірақ мағы-

насы басқа сөздерді тап, сөйлемдер құрастыр.

**Б-парағы**

Ақпараттық құзыреттілікті анықтауға арналған құзыреттілік бағытындағы тапсырма «Ментальді карта» әдісі. «Ментальді карта» әдісі ақпараттың мазмұнын қысқаша бейнелеудің немесе құрылысын

көрсетудің ең қолайлы құралы. «Ментальді карта» әдісінде бір мәселені шешуде оқушы өз ойын, пікірін қысқаша бейнелеуге қолданады. Екінші «Сызба толдыру» әдісі. Оқушы сызбаны толтыра отырып, сыни тұрғыдан ойланады, құзыреттілігі дамиды, шығармашылыққа бағыт алады.



С-парағы

Жоғары күрделілік дәрежесіндегі (стандарттан жоғары) тапсырмалар алған білімді топтау және бағалау деңгейіне бағытталған.


Ақпараттық құзыреттілікті анықтауға арналған құзыреттілік бағытындағы тапсырма.

Аспект: мәліметтің алғашқы талдауы.

Ынталандыру. Тапсырманы орындай отырып, сіз сызбадан мәтін шығарасыз.

Тапсырма. «Кластер» әдісі арқылы сөздер мен сөз тіркестерінен «асыл сөзі» туралы әңгіме құрады.

Жауабы:



Құзыреттілік бағытындағы тапсырма «Фишбоун» сызбасы.


Аспект: Мысалдағы мәліметті сызба түрінде түсіру.

Ынталандыру. Мысалды оқи отырып, сызбаны толтырасыз, мысалдағы ақпарат туралы толық мәлімет аласыз.

1-тапсырма. Мысалды толық түсініп оқыңыз.

2-тапсырма. Сызбаны берілген шарт бойынша толтырыңыз.

Бұл әдіс оқушылардың ортақ тақырыпты талқылауына септігін тигізеді. Әдісті орындау барысында оқушылар анықталған жұмыстың нәтижесі мен талданған тақырыптың қорытындылау сұрағына жауап жаза біледі.



Көп мағыналы сөз

Сөздер өзінің негізгі мағынасынан басқа да мағынада қолданыла

береді. Бірнеше мағынада қолданылатын сөздерді көп мағыналы сөздер дейді.

Көп мағыналы сөздер көркем шығармаларда жиі қолданылады. Өздерінің шығармаларында ақын-жазушылар кейбір сөзді екі не үш мағынасында қатар алып жұмсай береді.

Мысалы: 1.Ербол оның бетінен сүйіп еді, жер бетінде одан бақытты адам жоқтай көрінді.Ол бір сәт су бетінде қалықтап жүргендей күй кешті. Кітап беттерін қызыға аша бастады. 2.Баланың тілі – тәтті. Ол сағат тіліне қарай берді.Бала орыс тілінде сөйледі.3.Адамның басы-Алланың добы.Тау басынан қар көрінді. Сөздің басы дау-дамайдан басталды.

Оқытудағы мәселе оқушыларды құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарын анықтау. Тақырып бойынша деңгейлік тапсырма жүйесі, дамыта оқыту жүйесімен іске асырылады. Өйткені, ол оқушының ойлауын, елестету мен есте сақтауын белсенділігін, дағдысын білім саласының дамуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі әрбір ізденімпаз мұғалімдердің міндеті оқушының белсенділігін, іскерлігін дамыту. Құрылымы дұрыс құрастырылған сабақ барысында оқушылар

ерекше тапқырлығымен, ғылыми ізденісімен көзге түсіп отырады. Келешекте оқушылардың ізденісте кез келген жұмысты ұйымдастыра алуына, керек кезінде жағдайлар туғызуға, олардың басты міндеті өз бетінше немесе топта, жұпта шешуге құштарландыра алатын оқытуда ең жақсы нәтижеге жетудің тиімді әдіс - тәсілдерін ұтымды пайдаланып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасын ояту.

Қорытынды

Қорыта келгенде, қазақ тілі сабағында оқушылардың құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуда, белсенділігі, өзіндік сана – сезімі мен пайымы дамиды; мұғалімнің кәсіби білімі артады. Құзыреттілікке бағытталған оқыту оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытудағы маңызды әдіс және оның деңгейлері негізінде балаға терең білім беріледі, жеті модульде қамтылады, әрі оқушыны бағалауда мұғалім олардың деңгейін таниды, шынайы бағалау болады.

О. Бальзактың «Ұдайы еңбек ету – өнердің де, өмірдің де заңы» дегендей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді. Әрине, атқарылған істер аз емес. Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олар – білім сапасын арттыру, оқушылардың

біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми-ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, т.с.с. Өйткені, ХХІ ғасыр-білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты тұлға керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Қолданылған деректер тізімі:

1. **Орумбаева А. Д.** Жеке тұлғаға бағыттап оқыту [Электронды ресурс] // Ұлағат электронды порталы: <http://surl.li/jdwmg> (қаралған күні: 01.04.2023)
2. **Байболов Ж. Ж.** Білім беру жүйесіндегі жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы [Электронды ресурс] // Мультиурок сайты: <https://multiurok.ru/files/bilim-bieru-zhuiiesindieghi-zhiekie-tu-lg-ag-a-bag.html> (қаралған күні: 10.04.2023)
3. **Насипова С. Б.** Жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиялары жүйелерінің ерекшеліктері [Электронды ресурс] // <http://oldconf.neasmo.org.ua/node/1944> (қаралған күні: 11.04.2023)
4. **Берібекова Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж.** Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар : Оқулық / ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. – Алматы, 2014. – 360 б.

● ПОВЫШЕНИЕ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ЛИЧНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЕ ЗАДАНИЯ

А. А. Жангозина

КГУ «Средняя общеобразовательная школа инновационного типа имени Ахмета Байтурсынова города Павлодара» отдела образования города Павлодара, управления образования Павлодарской области

Аннотация. В статье представлены особенности, возможности и пути, направления использования личностно – ориентированных методов обучения в учебно – воспитательном процессе. Ведь основной проблемой, стоящей перед учащимися среднего звена, является развивающее обучение, то есть формирование учащегося к учебной деятельности, пробуждение у него мотивации к обучению, пробуждение интереса. Новый этап развития гражданина, стоящего на пороге ХХІ века, является периодом, когда образование считается одним из важнейших факторов прогресса.

Ключевые слова: личность, особенности, возможности, направление, желание учиться.

● IMPROVING STUDENTS' COMPETENCE THROUGH PERSONALITY-ORIENTED TASKS

A. A. Zhangozina

KSU «Akhmet Baitursynov Innovative Type Secondary General Education School of Pavlodar city» of Pavlodar city education department, Pavlodar oblast education department

Annotation. The article presents the features, opportunities and ways, directions of using personality-oriented teaching methods in the educational process. Since the main problem facing secondary school students is developmental learning, that is, the formation of a student for learning activities, the awakening of a student's motivation to learn, the awakening of interest. A new stage in the development of a citizen standing on the threshold of the XXI century is a period when education is considered one of the most important factors of progress.

Keywords: personality, features, opportunities, direction, desire to learn.

FTAMP 14.37.25

Қ. БІТІБАЕВАНЫҢ ЖОБАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ТӘСІЛІ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ж. С. Курманова, Б. Даутбеков

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы ШҚО бойынша ҚДИ

Өскемен қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. авторлар мақалада орта мектепте Қ.Бітібаеваның жобалық-бағдарлы оқыту тәсілі арқылы қазақ әдебиеті пәнін оқытуда білім сапасына қол жеткізу жолдарын қарастырады. Жаһандану дәуірінде педагогтердің оқу үдерісінде жобалы-бағдарлы оқыту бойынша Қ. Бітібаеваның эвристикалық жобалау әдісінің қолданылу артықшылығын көрсетуге тырысады.

Тірек сөздер: жобалық-бағдарлы, жаһандану, графикалық органиайзер, адамзат, эвристикалық жобалау, жалпы ғаламшар, өмір сүру, Қазақстан ұстаздары.

Кіріспе

Өткен дәуірлерге қарағанда, бүгінде келешек біздің өмірімізге қарыштап енуде. Мұның себебі – адамзаттың өз дамуының мүлдем жаңа дәуіріне – жаһандануға қарқынды көшуі.

«Келешекпен кездесуге дайындалу керек. Сол келешектің өзін дайындау керек, оның ішінде және бірінші кезекте, сол келешек білім беру жүйесін даярлау қажет», – деп атап көрсетеді академик А. М. Новиков [1, 27 б.]. Ал келешек білім беру жүйесін даярлау дегеніміз – алдымызда істелетін іс- әрекетті, жағдаяттарды, жалпы алғанда, оқыту процесін жобалай алуымыз керек.

Кейбір зерттеушілер берген анықтамаға сәйкес «жобалау» ұғымы: «1) құрылыстың, өндірістің, механизмнің немесе құрылғының жоспарын жасау; 2) белгілі бір құжат-

тың алдын ала мәтінін жасау» деп түсіндіріледі. Бұл ұғым алғашында техникалық, құрылыс салаларында термин ретінде енгізілгендіктен, оның мәні, мағынасы сол бойынша сала әдебиеттерінде неғұрлым кең берілген. Мысалы, Л. Арчердің анықтамасы бойынша, жобалау – «белгілі бір міндетті шешу» [1, 24], ал Г.Надлер бойынша, «бұрынғы белгілі үлгілерге қарағанда неғұрлым жетілдірілген идеал үлгі жасау» [3, 123] болып табылады. Ал зерттеуші И.В. Котляровтың айтуынша, жобаны іске асырудың нәтижелі болуы оны жобалау кезеңдеріне тәуелді. Кез келген саладағы жобалау мынадай кезеңдерден тұрады: мақсатты анықтау, ғылыми зерттеулер, міндеттерді қою, идеяларды іздеу, тұжырымдама жасау, талдау, эксперимент, шешімдер т.б. [4, 61].

Жалпы алғанда, жобалау әдісі оның ғылыми негізін қалаушылар Д. Дьюи, Килпатр, Снедден, Ричардс арқылы XX ғасыр-

дың басынан басталады. Уақыт өте келе олар ұсынған жоба әдісі кейбір өзгеріске ұшырады, бірақ оның мәні өзгермей қалды. Бұл әдістің әлемнің көп елдерінде кеңінен қолданылуы себебі білім алушылардың әр түрлі пәндерден алған білімін мәселені шешу кезінде біріктіруге көмектесуінде, алған білімді тәжірибе жүзінде қолдана алуында, ол кезде жаңа ойлар пайда болады.

«Жобалау» сөзі қазақтың «жоба» деген сөзінен жасалынған, мағынасы – жаңа нәрсенің жобасын, сұлбасын, сызбасын жасау. Ғылымда, әсіресе білім беруде ол тек қана жаңа нәрсенің жобасын жасау ғана емес, сонымен қатар оны негіздеу, талдау, зерттеу арқылы басқадан айырмашылығын көрсетуді білдіреді. Жобалау өткен ғасырдың орта шенінен бастап гуманитарлық ғылымдарда, білім саласында да қолданыс таба бастады.

Оқу-тәрбие процесінде кеңінен қолданылып жүрген қазіргі педагогикалық жобалау дегеніміз – белгілі бір жағдайларда педагогикалық процесті жетілдіруге мақсатты түрде бағытталған іс-әрекет болғандықтан ол соңғы нәтижеге қол жеткізеді.

Негізгі бөлім

Осы жобалау арқылы қазақ әдебиетін орта мектепте нәтижелі де сапалы білім беруге қол жеткізіп жүрген тәсіл – Қ. Бітібаеваның эвристикалық жобалау технологиясы.

Біздің алдымызда тұрған тек өзінің өмір сүруі мен шығармашылығын ғана емес, сонымен қатар басқа адамдардың да саналы өмір сүруін қамтамасыз ететін жауапты тұлғаны, «Толық адамды» оқытып, білім беру арқылы тәрбиелейтін стратегиялық міндетті өзінің ұстаздық қызметінде жүзеге асырған Қазақстан ұстаздары арасында «Қазақтың Қанипасы», «Ұстаздықтың Хан-апасы» атанған, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты – Қанипа Бітібаева болды.

Біз мақаламызға арқау етіп отырған оқу-тәрбие процесіндегі жобалау Қ.Біті-

баеваның бағдарлы-жобалап оқыту әдісі ретінде әр сабақта ой тастау, ойланту, ойлау түрінде басшылыққа алынады. Бұл әдісте ең бастысы, оқушыларды білімді өз беттерімен алу, алдыдағы проблеманы өз беттерімен шешу мақсат етіледі.

Қ. Бітібаеваның бағдарлы-жобалап оқыту әдісінің тиімділігі сол, берілетін көлемді түсініктерді, ұғымдарды тұжырымды түрде, көрнекті түрде ғана жып-жинақы етіп бере білуінде. Сабақ үстінде кіші ғылыми жоба жұмыстарында ақпаратты тұтас мәтіндермен беру тиімсіз. Ақпаратты сызба-кесте, диаграмма, графиктік мәтіндермен беру оқушы бойында жүйелі сөйлеу, дәлдік, ойды ұтымды ұсыну, сөйлеу стилін қалыптастырады. Осы орайда, әдіскер-ұстаз Қанипа Омарғалиқызының логикаға негізделген конструкторлық моделі және бүгінгі таңда оқушылар қызыға орындайтын комикс әдісі өте тиімді. Әдебиет – сөз сабағы, ол көбінде сөздік әдістер арқылы білім берілетін пән, ал айтылатын сөздің бәрі есте қала ма, жоқ па, ол әрине, ерекше зерттеуді қажет ететін мәселе. Сондықтан сабақта әр оқушының оқу мақсатына негізделген шығармашылық тапсырмаларды орындауда тақырыпты ашатын ізденіс жұмыстарын ұйымдастыру маңызды. Ал бұл әдіс мұғалімнің оқытуда бағдарлы-жобалап оқыту технологиясына арқа сүйейтінін көрсетеді. Өйткені, оның өнімді нәтиже берері сөзсіз.

Ал қазақ әдебиеті оқу бағдарламасында ұсынылған оқу мақсаттары оқушылардың ғылыми-зерттеу әрекетін дамытуға бағытталған. Онда 5-11 сынып аралығында шиыршық әдісі негізінде аннотация, тезис, аргументативті эссе, мақала, сыни хабарлама, баяндама, жоба жазу мен сын зерттеу еңбектерін пайдалана алуы міндеттелген [5, 189 б.]. Сонымен қатар, пәнді оқытуда басшылыққа алатын оқу мақсатындағы шығарманың эстетикалық, тарихи құндылығына баға берудің өзі оқушының зерттеу әрекетін талап етеді. Енді осы мақсаттарды жүзеге асырып, оқу үдерісінде оқушыны ғылыми-зерттеу жұмысына қалай баулимыз?

Біздің жағдайымызда онда Қ. Бітібаеваның бағдарлы-жобалап оқыту әдісінің

көмегі өте көп. Сонымен қатар әр түрлі бағыттар бойынша жоба жасау әдісі арқылы білім алушы мен оқытушы бірігіп, белгілі бір мәселені шешуге және қорытынды жасауға негізделген оқу немесе басқа да әрекеттерді жасайды.

Бағдарлы-жобалау әдісі – оқу үдерісін ерекше етіп тұратын кешенді оқыту тәсілдерінің жиынтығы болғандықтан білім алушыларға әрекеттерін өз бетінше жоспарлауға, ұйымдастыруға және бақылауға мүмкіндік беріледі. Жобалау әдісі білім алушыларға белгілі тақырып бойынша жұмыс түрін таңдауда, мәліметтердің дереккөздерін жинауда және презентация жасауда өз бетінше

жұмыс істеуге жағдай жасайды. Бұл әдіс қарым-қатынастың жаңа түрін үлгілеуге арналған. Жобалау - білім алушының өз бетінше ойластырып, жүзеге асыруға арналған жұмысы. Онда оқушыларды шығармашылық ізденіс жұмыстарын үйлестіретін графикалық органоайзерлердің түрлері ұсынылады [5, 190 б.].

Назарға Қ.Бітібаеваның эвристикалық жобалауға негізделген «Абай лирикасының» конструкторлық моделі ұсынылған. Модель түрінде берілген графикалық органоайзер тақырыпты жан-жақты зерттеуге, сабақты ізденіске құруға мүмкіндік береді.



1-сурет – Жоғарғы сыныптарда «Абай лирикасы» тақырыбын оқытуға арналған жобалық кесте

*Кесте Бітібаева Қ. «Әдебиетті оқыту әдістемесі» кітабынан алынды.

Қ. Бітібаеваның эвристикалық жобалау әдісімен жұмыс істеу шығармашылық үдеріс болғандықтан білім алушылар өздері үшін маңызды болып саналатын мәселені анықтау үшін өз беттерінше немесе оқытушының жетекшілігімен ізденуге кіріседі. Бұл білім алушылардың

өз бетінше білімдерін, дағдыларын және біліктерін жаңа контексте пайдалануға көмектеседі. Бұлай іздену олардың қазақша көркем әдеби және кәсіби сөйлеуіне, табиғи және еркін түрде жұмыс істеп үйренуіне ықпал етеді. Әрине, мұндай жағдайда жобаға қатысушылардың

өздерінің ынтасын тілдік сауаттылығына емес, айтылатын ойдың мазмұнына аударған дұрыс. Жобалау кезінде оқушылар өте белсенді болады, олар өздерінің шығармашылықпен жұмыс істей алатынын көрсетеді. Ізденіс, зерттеу жұмыстарын істеу барысында сөйлеу жағынан нашарлау және психологиялық жағынан белсенділігі төмендеу білім алушылардың өзі де өзінің қиялдауына, белсенділігін және өз бетінше жұмыс істей алатынын көрсетуіне мүмкіндіктері өте мол. Сабақты педагогикалық жобалау дегеніміз – педагог пен білім алушының белгілі бір білім мазмұнын меңгеруге бағытталған іс-әрекетінің тетіктері мен элементтерін алдын-ала анықтау. Педагогикалық жобалаудың мәні – болашақ іс-әрекеттің әр түрлі нұсқаларын жасау және оның нәтижесін болжау.

Жобалы-бағдарлық әдісті қолданғанда, оқытушының, білім алушының да өз қызметі бар. Қызметтер толық орындалмаса, жоба өз нәтижесіне жетпейді.

Сабақта ой тастау, жобалап оқыту технологиясы басшылыққа алынады. Ең бастысы, оқушыларды білімді, өз беттерімен білім алу, оқу мақсатына байланысты алынған тақырыптағы проблеманы өз беттерімен шешу мақсат етіледі.

Жобалап оқытуға негізделген сабақ жоспарында әсіресе тапсырма орындалатын жұмыс кезеңдеріне ерекше көңіл бөлініп, ол нақтылығымен, қонымдылығымен және ізденіс жұмысының жан-жақтылығымен сараланады. Оқушылардың жұмыс кезеңдерінің негізгілері:

- ▶ дайындықтан,
- ▶ тапсырманы саралаудан,
- ▶ әр оқушының атқаратын қызметін жоспарлаудан,
- ▶ зерттеу, ізденістен,
- ▶ жұмысты аяқтап, қорғау (таныстырылымнан) есеп беруден,
- ▶ бағалау мен коррекциялаудан тұрады.

Әсіресе, осы кезеңдердегі оқушы іс-әрекеті мен мұғалім іс-әрекеті әр кезеңге негізделіп, нақты айқындалуы керек.

Жобалап оқытуда міндетті түрде қорытынды нәтижеге ерекше көңіл бөлінеді. Нәтиже модель, не сценарий, жоба, рөлдік ойын, т.б сияқты оқушылар жасап шығарған немесе қол жеткізген өнімдермен, басқаша айтқанда, зерттеу жобаларымен қорытындыланады, бағаланады, талданады.

Бағдарлы-жобалап оқыту әдісінде пәнаралық, пәнішілік байланыс маңызды орын алады. Жоба жасау үшін оқушыға бірнеше пәннен алған білімдерінің көмекке келуі, дүниетанымы, іскерлігі аса қажет. Оқушылардың ізденісі негізінде:

- ▶ сабақ тақырыбы толықтай қарастырылады;
- ▶ сабақ пәнаралық байланысқа негізделеді;
- ▶ зерттеу, іздендіру жұмысы басшылыққа алынады;
- ▶ жоба, графикалық органайзер, сызба, сценарий, рөлдік ойын, көрініс жасау, таныстырылым, презентация жасау сияқты шығармашылық жұмыстарға негізделген оқушылар іс-әрекеті ұйымдастырылады;
- ▶ оқушылардың білімін шығармашылық деңгейге жетелеу жүзеге асырылады, олардың өз дербес іс-әрекеттері арқылы бір өнімге қол жеткізуі көзделеді;
- ▶ оларды жан-жақты дамыту, тұлға қалыптастыруға түрткі жасау бұл технологияға негізделген сабақтың басты мақсаты болады [6, 46 б.].

Бұл әдістің тиімділігі, біріншіден, оның практикалық маңызында жатыр. ол өз кезегінде сабақ тақырыбын жан-жақты ашып қана қоймай, оқу мақсатына жетуге ықпал етеді. Екіншіден, ол оқушыларды шығармашылық жұмыстарға баулиды, ізденіс-зерттеу қабілеттерін дамытады, әр оқушының дербес ізденісін дамытады.

Сол ізденіс негізінде олар бір өнімге қол жеткізеді.

сабақ мақсатын/мақсаттарын қамтамасыз етуге негіз болатын өмірлік маңызды біліктерді қалыптастыруға бағытталған.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, сабақты берілген оқу мақсаты бойынша жобалай білу сабақты берілген мазмұн бойынша жобалаудан елеулі түрде ерекшеленеді. Сабақтың мақсаты айқын, нақты, қолжетімді және өлшенбелі (белгіленген уақытқа сыйымды), қолданылатын құралдары мен әдістері дайын болғандықтан бір сабақ ішінде оқушыларда нақты біліктерді, қабілеттерді қалыптастыруға бағытталған болады да нақты нәтиже мен ізденіске құрылады. Осылайша, жаһандану дәуірінде маңыздылығы артып отырған Қ.Бітібаеваның жобалап-бағдарлы оқыту әдісі

Қолданылған деректер тізімі:

1. Новиков А. М. Методология учебной деятельности. – М.: «Эгвес», 2005. – 345 с.
2. Арчер Л. Планирование эксперимента при поиске оптимальных условий. – М.: Наука, 1965
3. Надлер Г. Создание идеальных моделей при проектировании. – М., 1966. – 124 с.
4. Котляров И. В. Теоретические основы социального проектирования. – Минск, 2007. – 221 с.
5. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: «Рауан» 1997, – 282 бет.
6. Бітібаева Қ. Бір ғылымнан басқаның... Оқу құралы.- Семей: «Үш биік» баспасы ЖШС, 2008,- 252 бет.

● ПУТИ ДОСТИЖЕНИЯ КАЧЕСТВА ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ ЧЕРЕЗ ПРОЕКТНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЙ ПОДХОД К ОБУЧЕНИЮ К. БИТИБАЕВОЙ

Курманова Ж. С., Даутбек Б. Д
 ФАО «НЦПК «Өрлеу» ҚДИ по ВКО
 г. Усть-Каменогорск, Республика Казахстан

Аннотация: Авторы рассматривают пути достижения качества высшего образования в преподавании казахского языка и казахской литературы в средней школе через проектно-ориентированный подход к обучению К. Битибаевой в средней школе. В эпоху глобализации педагоги стремятся показать важность использования графических органайзеров в методике проектно-ориентированного обучения в учебном процессе, в том числе преимущества применения эвристического метода проектирования К. Битибаевой.

Ключевые слова: проектно-ориентированный, глобализация, графический органайзер, человечество, эвристическое проектирование, планета в целом, жизнь, учителя Казахстана.

● WAYS TO ACHIEVE THE QUALITY OF HIGHER EDUCATION THROUGH A PROJECT-ORIENTED APPROACH TO TEACHING K. BITIBAIEVA

Kurmanova Zh. S., Dautbek B. D.
 FAO «NCPC «Orleu» KDI for East Kazakhstan
 region Ust-Kamenogorsk, Republic of Kazakhstan

Abstract: The authors of the article consider ways to achieve the quality of higher education in teaching the Kazakh language and Kazakh literature in secondary school through K. Bitibaeva's project-oriented approach to secondary school education. In the era of globalization, teachers strive to show the importance of using graphic organizers in the methodology of project-oriented learning in the educational process, including the advantages of using the heuristic design method by K. Bitibaeva.

Keywords: project-oriented, globalization, graphic organizer, humanity, heuristic design, the planet as a whole, life, teachers of Kazakhstan.

МРНТИ 14.25.09

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ГЕЙМИФИКАЦИИ В ОБУЧЕНИИ ПРОГРАММИРОВАНИЮ В ШКОЛЕ

К. У. Нигметов

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

Аннотация. В статье рассматривается влияние элементов геймификации на обучение программированию в школе. Представлены различные виды игр и результаты исследований по геймификации программирования. Приведенные результаты подтверждают, что использование элементов геймификации в обучении программированию оказывает положительное влияние на успеваемость, мотивацию и развитие мыслительных навыков обучающихся школ.

Ключевые слова: обучение программированию, геймификация, игровое обучение, искусственный интеллект.

Введение

В настоящее время обучению программированию уделяется огромное внимание в школьных программах, и оно стало важной стратегической инициативой в области образования во всем мире. Ассоциация по развитию искусственного интеллекта (AAAI, Association for the Advancement of Artificial Intelligence) и Ассоциация учителей компьютерных наук (CSTA, Computer Science Teachers Association) сформировали совместную целевую группу для разработки национальных рекомендаций по обучению программированию [1, 2020 г.].

Для учащихся школ важно создать общие концепции, освоить базовые знания и навыки по применению искусственного интеллекта, способствующего изменению понятия «интеллект» как в узком, так и широком смысле. Однако, до настоящего времени не получены ответы на вопросы «С чего должно начинаться образование

в области искусственного интеллекта?» и «Как оно должно быть организовано?». Ряд исследователей в области образования искусственного интеллекта считает, что обучение программированию, способствующее развитию таких когнитивных способностей как вычислительное мышление, может быть началом обучения основам искусственного интеллекта [2]. Изучение возможностей программирования как основного связующего звена между большими данными и алгоритмов их управления, является одним из перспективных направлений в области искусственного интеллекта. В этом плане обучение программированию, в том числе и раннее обучение программированию в школе так же является важной задачей образования в школе.

Основная часть

Как известно, программирование долгое время считалось трудным предметом для

преподавания и изучения из-за сложности предмета и необходимости для учащихся понимать основные абстракции, логическое мышление и решение проблем, связанных с процессом программирования. В частности, было непросто мотивировать учащихся и помочь им понять концепции и алгоритмы абстрактного программирования. В этом ключе геймификация может быть потенциальным способом повысить интерес учащихся и облегчить им изучение программирования. Кроме того, процесс программирования часто включал элемент «дизайна», в основном, в форме представления, структуры данных и алгоритмов. На курсах программирования выбором алгоритма можно было легко пренебречь в процессе обучения, и преподаватель обычно формулировал вопросы и давал учащимся однородные ответы для подражания. Когда применяется игровое обучение, учащимся предоставляется возможность попрактиковаться в выборе алгоритмов и разработке возможных решений для решения реальных проблем [3]. Возможно, курсы программирования, в которых применяется игровая модель обучения, могут создавать новые возможности для улучшения обучения программированию.

Геймификация – это процесс обучения, в котором учащиеся решают проблемы и преодолевают трудности в игровой среде для достижения желаемых результатов обучения, который воплощается либо в простой форме значков, баллов и списков лидеров или сложные формы виртуальных сред моделирования [4]. Процесс обучения, основанный на геймификации, также известен как обучение на основе игр.

Типы игр. Рассмотрены существующие типы игр и разделения их на четыре категории (например, ролевая игра, логическая стратегическая игра, игра-головоломка и роботизированная игра). Ролевая игра предоставляет учащимся виртуальные личности, чтобы испытать различные точки зрения и методы решения проблем (например, «Odyssey of

Phonies»). Стратегия рассуждений требует, чтобы учащиеся делали выводы на основе имеющейся информации и использовали различные стратегии для решения проблемы (например, RapidMiner). Игра-головоломка тренирует наблюдательность и логическое мышление учащихся в форме задач или вопросов и ответов, в которых учащимся необходимо решить проблему с помощью ряда правил (например, learn DS application). В роботизированной игре учащиеся должны выполнять задания, управляя виртуальными или физическими персонажами-роботами (например, Angry birds).

Приложения для геймификации. В обучении программированию существует множество способов применения геймификации, которые можно разделить на три основных подхода (т. е. использование игр в качестве средств обучения, игр в качестве работ учащихся и игр в качестве механизмов соревнования). Например, Lawrence использовал игры в качестве инструмента для обучения основам программирования. Laporte and Zaman не использовали игры непосредственно для обучения; вместо этого игры использовались в качестве инструмента оценки обучения для проверки способностей учащихся в программировании. Другие ученые разработали игровой механизм соревнования в ролевых играх, чтобы способствовать обучению и мотивации учащихся. Более того, существовали инструкции по программированию, которые побуждали учащихся проектировать и разрабатывать свои собственные игры, в которых они осваивали концепции и навыки программирования в процессе создания игр.

Что касается типов игр, то стратегическая игра с рассуждениями наиболее эффективна для академических достижений учащихся, а игра-головоломка наиболее эффективна для мотивации учащихся. Что касается применения геймификации, то учащиеся обучаются через игры, так как соревновательный механизм оказывает наибольшее влияние на развитие навыков мышления и мотивации учащихся.

ся. Когда игры были приняты в качестве учебных инструментов или работ учеников, их эффекты были в основном сосредоточены на улучшении успеваемости учащихся. Поэтому преподаватели должны выбирать подходящую форму геймификации в сочетании с учебными целями урока или проекта. Например, игры-головоломки можно использовать на ранней стадии, чтобы пробудить интерес учащихся к логическим стратегическим играм. Когда же учащиеся чувствуют себя разочарованными или подавленными, игры можно использовать в качестве соревновательного механизма для повышения мотивации.

Существующие практики применения геймификации для обучения программированию можно увидеть в литературе по различному содержанию обучения (например, фундаментальные концепции, вычислительное мышление и алгоритмическое программирование). Например, Gules и др. разработали игровую платформу (CENGO) для обучения синтаксису и логике C, которая, как сообщается, положительно влияет на интерес учащихся к обучению и приобретению знаний. Miljanovic and Bradbury использовали игру под названием «Robot ON!», чтобы научить новичков некоторым базовым концепциям программирования (например, операторам программы, потоку управления и т. д.). И было обнаружено, что игра помогла учащимся лучше понять концепции программирования. Сосредоточив внимание на развитии навыков вычислительного мышления, Kazimoglou и др. представили серьезную игру для облегчения преподавания вводного курса программирования и выявили, что серьезная игра может хорошо подойти для того, чтобы помочь учащимся понять вводные компьютерные программы и программирование.

Большинство исследований показывает, что геймификация оказывает положительное влияние на мотивацию обучения, повышение успеваемости и повышение общей компетентности [2,4]. В играх часто предоставляется своевременная обратная связь, чтобы информировать учащихся

ся об их успехах. Как правило, учащиеся мотивированы на совершенствование и вовлекаются за счет вознаграждений, таких как материальное вознаграждение и нематериальное чувство победы. Кроме того, геймификация положительно влияет на успеваемость и самооффективность учащихся. Это также мотивирует учащихся к участию в научных исследованиях.

Заклучение

Чаще всего у обучающихся школ отсутствует мотивация к изучению программирования из-за неясных и абстрактных концепций алгоритмов. Одним из действенных способов решения данной проблемы может быть нетрадиционный подход к изучению программирования, таковым и является геймификация. Результаты исследований подтверждают, что геймификация программирования оказывает существенное влияние на мотивацию и интерес учащихся к изучению алгоритмов, активизирует их участие в командной работе, способствует самостоятельному обучению и развитию аналитического мышления. Кроме того, стремительное развитие веб-технологий и распространение таких устройств и технологий, как планшеты, смартфоны и ноутбуки, значительно облегчили использование цифровых игр в образовательном процессе. Все больше учителей разрабатывают и используют образовательные игры на практике и утверждают их эффективность. По мнению практиков, обучение на основе игр позволяет достичь хороших результатов обучения.

Текущие исследования способствуют созданию аналитической основы для будущих исследований геймификации (или обучения на основе игр) в обучении программированию, но оно также имеет ряд ограничений и указывает на потенциальные направления будущих исследований. Например, действие учителей имеет важное значение при применении геймификации в обучении программированию. Поэтому рекомендуется дальнейшее изучение роли учителей и их

практики использования геймификации в обучении программированию в школе. Другой, не менее важный вопрос в обучении программированию - это интеграция достижений современных цифровых технологий для обучения. Например, в настоящее время ожидается больше эмпирических исследований по применению улучшенной технологии метавселенной в обучении программированию для достижения более высокого уровня погружения и эффективности.

Список использованных источников

1. Chiu, T. K. F., & Chai, C. S. (2020). Sustainable curriculum planning for artificial intelligence education: A self-determination theory perspective. *Sustainability*, 12 (14), 5568. <https://doi.org/10.3390/su12145568>
2. Zhan, Z., Tong, Y., Lan, X., & Zhong, B. (2022a). A systematic literature review of game-based learning in Artificial Intelligence education. *Interactive Learning Environment*. <https://doi.org/10.1080/10494820.2022.2115077>
3. Mark, O. R. (2015). A Python engine for teaching artificial intelligence in games, Article 07714. *ArXiv e-prints*. 1511.
4. Bodnar, C. A., Anastasio, D., Enszer, J. A., & Burkey, D. D. (2016). Engineers at play: Games as teaching tools for undergraduate engineering students. *Journal of Engineering Education*, 105(1), 147–200. <https://doi.org/10.1002/jee.20106>
5. Lawrence, R. (2004). Teaching data structures using competitive games. *IEEE Transactions on Education*, 47(4), 459–466. <https://doi.org/10.1109/te.2004.825053>
6. Laporte, L., & Zaman, B. (2018). A comparative analysis of programming games, looking through the lens of an instructional design model and a game attributes taxonomy. *Entertainment Computing*, 25, 48–61. <https://doi.org/10.1016/j.entcom.2017.12.005>
7. Gulec, U., Yilmaz, M., Yalcin, A. D., O'Connor, R. V., & Clarke, P. M. (2019). CENGO: A web-based serious game to increase the programming knowledge levels of computer engineering students. *Communications in Computer and Information Science*, 237–248. https://doi.org/10.1007/978-3-030-28005-5_18
8. Miljanovic, M. A., & Bradbury, J. S. (2016). Robot ON! : A serious game for improving programming comprehension. *Proceedings of the 5th International Workshop on Games and Software Engineering - GAS*, 16. <https://doi.org/10.1145/2896958.2896962>
9. Kazimoglou, C., Kiernan, M., Bacon, L., & Mackinnon, L. (2012). A serious game for developing computational thinking and learning introductory computer programming. *Procedia - Social and Behavioral Sciences*, 47, 1991–1999. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2012.06.938>

● МЕКТЕПТЕ БАҒДАРЛАМАЛАУДЫ ОҚЫТУДА ГЕЙМИФИКАЦИЯНЫ ҚОЛДАНУ

К.У. Нигметов

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аңдатпа. Мақалада геймификация элементтерінің мектепте бағдарламалауды оқытуға әсері қарастырылады. Ойындардың әртүрлі түрлері және бағдарламалауды геймификациялау бойынша зерттеу нәтижелері ұсынылған. Ұсынылған нәтижелер бағдарламалауды оқытуда геймификация элементтерін пайдалану мектеп оқушыларының оқу үлгеріміне, мотивациясына және ойлау қабілетінің дамуына оң әсерін тигізетінін растайды.

Кілтті сөздер: бағдарламалауды оқыту, геймификация, ойын арқылы оқыту, жасанды интеллект.

● THE USE OF GAMIFICATION IN TEACHING PROGRAMMING AT SCHOOL

K. U. Nigmatov

L.N. Gumilyov Eurasian National University

Abstract. The article deals with the influence of elements of gamification on learning programming at school. Different types of games and results of studies on gamification programming are presented. The given results confirm that the use of elements of gamification in teaching programming has a positive effect on the success, motivation and development of thinking skills of school students.

Key words: training in programming, gamification, game training, and artificial intelligence

FTAMP 14.25.09

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ, МАЗМҰНДЫҚ-ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫН, ТІЛДІК, СТИЛЬДІК, ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТАНЫТУ

Нурлыбаева Ж.Н.

№16 Төлеубай Аманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Семей қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Бұл мақалада жаңартылған білім беру мазмұнындағы «Абайтану» курсын оқытудың жолдары көрсетіледі. Атап айтқанда, Абай шығармаларының идеялық, мазмұндық-құрылымдық сипатын, композициясын және жанрлық ерекшеліктерін талдау әдістемелері қарастырылады. Абай шығармаларын ғылыми негізде талдау арқылы білім алушыларды танымдық-шығармашылық жұмыстарға бағыттауда қолдануға болатын ұтымды, инновациялық әдіс-тәсілдер ұсынылған.

Кілтті сөздер: «Абайтану» пәні, шығарма композициясы, өлеңдегі композициялық амалдарды айқындау, оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері.

Кіріспе

Жалпы білім беретін мектептің 5-11-сыныптарына арналған «Абайтану» оқулығы негізгі орта білім беру деңгейінің мамандандырылған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын желілік «Абай мектептерінің» 5-9-сыныптарына арналған «Абайтану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалған.

Оқу мақсаттары жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес спираль тәрізді білім

беру жүйесіне негізделіп құрылған. Яғни, оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып, одан әрі дамытылып отырады. Сондай оқу мақсаттарының бірі әдеби шығарманың композициялық құрылымына негізделген. Әдеби шығарманың композициялық құрылымына талдау жасау сынып жоғарылаған сайын күрделеніп, композициялық амалдарды айқындауға ұласады. Мысалы:

Бөлім	Оқу мақсаттары				
Талдау және жинақтау	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	5.2.1.1 сюжетті шығармадағы фабула, композициясын тауып, жоспар құру	6.2.1.1 лирикалық шығармаларды композициялық құрылымына талдау	7.2.1.1 шығармаларды композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын айқындау, жоспар құру	8.2.1.1 шығармаларды композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын жинақтау	9.2.1.1 шығармаларды композициялық құрылымына талдай отырып, композициялық амалдарды айқындау

Кестеде көрсетілген оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін білім алушылар әдебиет пәнінен шығарманың композициясы туралы әдеби-теориялық ұғымдарын еске түсіреді. Композиция – әдеби шығарманың құрылысы, оның үлкен-кішілі бөлім-бөлшектерінің бір-бірімен қисынды түрде қиюластырылып, әртүрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастық-бірлігі.

Негізгі бөлім

5-сыныпқа арналған «Абайтану» курсының базалық мазмұнындағы «Түрлендірген дүниені тәңірім шебер» бөлімінде берілген Абайдың «Жаз» өлеңінің композициясын қалай табуға болады? Ең алдымен өлеңді мәнерлеп оқыта отырып, лирикалық қаһарманның айтатын ойға, идеяға кіріспесіне білім алушылардың назарын аудару қажет. Содан кейін өлеңнің идеясын анықтату керек. Сондай-ақ білім алушылар осы идеяны ашу үшін ақын қолданған сөздер мен сөз тіркестерін айқындап, теріп жазады. Өлеңнің көшпелі елге жадыраған жаз айының соншама қуаныш, қызық әкелетінін, адамдарды былай қойып, тіршілік әлемінің барлығы да жайнап кететінін суреттейтін тұстарын

оқушыларға тапқыза отырып, өлеңнің стилі туралы ой тұжырымдатудың маңызы ерекше. Мысалы,

- ▶ өлеңдегі динамикалық қозғалыс;
- ▶ жанды-жансыз табиғат арасындағы құбылған қозғалыс;
- ▶ қимыл әдемілігі, ой әдемілігі (-ып, -іп, -п формалы эпитеттер);
- ▶ пейзаж

Абайдың табиғаттың көркем көріністерін жырлайтын лирикалық туындыларын, табиғат құбылыстарын күнделікті өмірмен, адамдардың күнкөріс, іс-әрекетімен, көңіл-күйімен аастастыра суреттеу шеберлігін меңгерту барысында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Қанипа Бітібаеваның «Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы» атты оқу құралындағы лирикалық шығармаларды талдау әдістемесіне сүйенуге болады. Атап айтқанда, «Жаз» өлеңінің идеялық мазмұнын, кестелі тілін, стильдік және жанрлық ерекшелігін талдау барысында оқушыларға төмендегідей кесте толтыртудың маңызы зор.

Өлеңнің негізінде жатқан идея	Өлеңдегі негізгі ойды ашатын шумақтар, өлең жолдары	Айшықты, әдемі, образды көркем сөздер	Өзіңе ұнаған жолдар, шумақтар	Ақын стилі, әдісі

Ал 9-сыныпта білім алушылар шиыршық қағидатына сәйкес «Сегізаяқ» өлеңінің композициялық құрылымына талдай отырып, композициялық амалдарды айқындайды.

Сегізаяқ – қазақ өлеңіне Абай қосқан шумақтың үлгісі. Ақынның «Сегізаяқ» өлеңінің әр шумағы сегіз жолдан тұрады. Абай сегіз тармақты шумақ түрін өзінше өрнектеген. Ақын өзінің өзекжарды ойларын кестелі тілмен өрнектей білген.

«Сегізаяқ» өлеңіндегі алғашқы:

«Алыстан сермеп,

Жүректен тербеп,

Шымырлап бойға жайылған.

Қиуадан шауып,

Қисынын тауып,

Тағыны жетіп қайырған», - деген алты тармақ тезис есебінде келеді. Ал:

«Толғауы тоқсан қызыл тіл,

Сөйлеймін десең өзің біл», - деген соңғы екі тармақта ақындық ой қорытылады. 1-2 және 4-5-тармақтар -п көсемше формалы етістікпен келіп қимылдың өту ерекшелігін көрсетеді де, 3-6 тармақтарында -ған формалы есімше арқылы қимыл аяқталады. Осы 6 тармақ лирикалық кейіпкердің сезіміне негізделген негізгі ойдың басын, шарықтау шегін білдірсе, соңғы 7-8 тармақтар түйіндеп, жалпы осы шумақтың негізгі ойын айтады. Сонымен қатар, бұл жолдарда ұлттық бояуға негізделген (ұлттық колорит) сурет те көрінеді. Тілдің қуаты алыстан шауып, орағытып барып

тағы аңды қайырған сияқты болып тұруы, жай ғана қайырмай адамның тұла бойын шымырлатып, оның жүрегіне әсер етуі де ерекше бейнелі шыққан.

Білім алушыларға өлеңдегі композициялық амалдарды айқындату барысында ең алдымен өлеңнің әр шумағындағы ой түйіндерін анықтату керек. Яғни, өлеңдегі Абайдың өз заманы, дәуірі және оның адамдары жайлы ой толғаныстарын, халқын еңбекке үндеген ойларын, даму жолына бағыттаған идеялары тапқызамыз.

Өлең шумақтары	Лирикалық кейіпкердің сезіміне негізделген негізгі ойдың басы, шарықтау шегі	Шумақтағы философиялық ой түйін
1-шумақ	<i>Алыстан сермеп, Жүректен тербеп, Шымырлап бойға жайылған. Қиуадан шауып, Қисынын тауып, Тағыны жетіп қайырған</i>	<i>Толғауы тоқсан қызыл тіл, Сөйлеймін десең өзің біл.</i>
2-шумақ		
3-шумақ		

Кестемен жұмыс жасата отырып, білім алушылардың назарын бірнеше композициялық амалдар жиылып келіп, жалпы идеяны беретініне аударамыз. Шумақтардағы негізгі ой лирикалық кейіпкердің сезіміне, ойға құрылады. Лирикалық кейіпкер – поэзиялық шығармалардан көрінетін адамның тұлға бейнесі. Өлеңде лирикалық кейіпкерөз атынан сөйлейді.

